

"Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясынан алынған несиелер бойынша сыйақы (мүдде) төлемдерінің бір бөлігін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 29 қыркүйек N 945

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, "Мабетекс-Сиагас" консорциумы және "Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 1997 жылғы 10 қыркүйектегі келісімге сәйкес және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, банктер мен басқа да қаржы мекемелері және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясы ;арасындағы 1997 жылғы 20 ақпандағы несиелік келісімге сәйкес пайда болған "Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясы алдындағы Қазақстан Республикасының

;міндеттемелерін уақытылы орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттан "Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясының шоттарына жалпы

;сомасы 2 023 314, 59 (екі миллион жиырма үш мың үш жүз он төрт 59 цент) АҚШ долларын төлесін, олардың:

1) "Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 885 104, 69 (сегіз жүз сексен бес мың бір жүз төрт доллар 69 цент) АҚШ доллары, оның 1 367,19 (бір мың үш жүз алпыс тоғыз доллар 19 цент) АҚШ доллары мерзімі өткен алдыңғы төлемдер үшін тұрақсыздық айыбы ретінде, 883 737,50 (сегіз жүз сексен үш мың жеті жүз отыз жеті доллар 50 цент) доллары кезекті сыйақы (мүдде) төлемдері ретінде;

2) "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясының пайдасына ;1 138 209, 90 (бір миллион жүз отыз сегіз мың екі жүз тоғыз доллар 90 цент) АҚШ доллары, оның 709, 90 (жеті жүз тоғыз доллар 90 цент) АҚШ доллары мерзімі өткен алдыңғы төлемдер үшін тұрақсыздық айыбы ретінде, 1 137 500 (бір миллион бір жүз отыз жеті мың бес жүз) доллар кезекті сыйақы (мүдде) төлемдері ретінде.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, "Мабетекс-Сиагас" консорциумы және "Мабко" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 1997 жылғы 10 қыркүйектегі келісімге сәйкес алынған 885104,69 (сегіз жүз сексен бес мың бір жүз төрт доллар 69

цент) АҚШ доллары мөлшеріндегі қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен келісім жасасын.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, банктері мен басқа да қаржы мекемелері және "Deutsche Morgan Grenfell & Co. Limited" компаниясы арасындағы 1997 жылғы 20 ақпандағы несиелік келісімге сәйкес алынған 1 138 209,90 (бір миллион бір жүз отыз сегіз мың екі жүз тоғыз доллар 90 цент) АҚШ доллары мөлшеріндегі қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен келісім жасасын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы

комитеті Әділет министрлігімен бірлесе отырып, жоғарыда аталған 1997 жылғы 10 қыркүйектегі несие келісімін жасасумен байланысты фактілерге, оның Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкестігіне және одан туындайтын қаржы міндеттемелерін мемлекеттің орындауын тексеру жүргізсін. Тексерудің нәтижелері туралы ақпаратты бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі